


**Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ Өңірлік УНИВЕРСИТЕТІ
ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУДЕГІ МЕНЕДЖМЕНТ ФАКУЛЬТЕТІ
МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ЖӘНЕ БАСТАУЫШ ОҚЫТУ КАФЕДРАСЫ**

Бекітемін
Қ.Жұбанов атындағы
Ақтөбе өңірлік университеті
Педагогика және білім
берудегі менеджмент факультетінің деканы
 К.К.Каринов
« 29 » 09 2025 ж.

2025-2026 оқу жылына арналған

Элективті пәндер каталогы

8D01301 – Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі бойынша ББ

Ақтөбе, 2025ж

Білім беру бағдарламасы және шифры: 8D01301 – Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі
Оқу мерзімі: 3 жыл
Қабылдау жылы: 2025

Компонент (ЖК/ТК)	Пән коды	Пән атауы	Семестр	Кредит саны
Модуль 1.1 Фундаменталдық бағыттың өзекті проблемалары, 30 академиялық кредит				
БП ЖК	АН 7201	Академиялық хат	1	5
БП ЖК	GZA 7202	Ғылыми зерттеу әдістері	1	5
БП ТК	FPA 7203	Педагогика философиясы және әдіснамасы	1	5
	DGZZh	Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы	1	15
Модуль 1.2 Білім мен ғылымдағы академиялық адалдық және ғылыми зерттеу әдістері, 30 академиялық кредит				
БП ЖК	АН 7201	Академиялық хат	1	5
БП ЖК	GZA 7202	Ғылыми зерттеу әдістері	1	5
БП ТК	BVGAAK 7203	Бүгінгі білім мен ғылымдағы академиялық адалдық қағидасы	1	5
	DGZh	Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы	1	15
Модуль 2.1 Кәсіби этика және педагогикалық практика, 30 академиялық кредит				
КП ЖК	GPKKE 7301	Ғылыми-педагогикалық қызметтегі кәсіби этика	2	5
КП ТК	ZhOOKPOA 7302	ЖОО-да кәсіби пәндерді оқытудың әдістемесі	2	5
БП	PP	Педагогикалық практика	2	10
	DGSZh	Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы	2	10
Модуль 2.2 Заманауи қоғамдағы тәрбие және ДҒЗЖ, 30 академиялық кредит				
КП ЖК	GPKKE 7301	Ғылыми-педагогикалық қызметтегі кәсіби этика	2	5
КП ТК	SKTRK 7302	Заманауи қоғамдағы тәрбие және рухани құндылықтар	2	5
БП	PP	Педагогикалық практика	2	10
	DGSZh	Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы	2	10
Модуль 3 Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы, 120 академиялық кредит				
	DGSZh	Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы	3	30
		Зерттеу практикасы	4	10
	КП ЗП	Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы	4	20
		Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы	5	30
		Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы	6	18
	ҚА	Қорытынды аттестация	6	12

Модуль 1.1 Фундаменталдық бағыттың өзекті проблемалары

Дублин дескрипторлары А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Академиялық хат

Бағдарлама авторы: Мустафина А.Ғ., PhD, аға оқытушы

Курсты оқытудың мақсаты: PhD докторанттарында ғылыми-педагогикалық кадрлардың өзіндік зерттеу жобаларын, бағдарламаларын іске асыруға дайындығы мен қабілетін қалыптастыруға және олардың нәтижелерін Қазақстан Республикасының және халықаралық академиялық қауымдастықтың заңнамалық нормаларына сәйкес жазбаша түрде ұсынуға бағытталған тиісті кәсіби құзыреттілікті дамыту, ұлттық және шет тілінде жарияланым белсенділігін көрсете білу болып табылады.

Пәннің қысқаша мазмұны: Пәнді оқу барысында докторанттар ғылыми зерттеулер нәтижелерін ресімдеу, статистикалық және эксперименттік деректерді сипаттау стилистикасын сақтау саласында білім мен іскерлікке ие болады. Ғылыми мақаланың құрылымымен, әдебиеттер тізімін, аннотацияларды рәсімдеу ережелерімен танысады. Курстың мазмұнына мақалаларды, монографияларды, оқу құралдарын рецензиялау кіреді. Research Proposal-дан бастап диссертацияны жазуға көп көңіл бөлінеді.

Пререквизиттер: Ғылыми зерттеу жұмысын ұйымдастыру және жоспарлау, Педагогтың іс-қағаздарды дайындау және жүргізу әдістемесі, т.б. магистратура деңгейіндегі пәндер.

Постреквизиттер: Ғылыми-педагогикалық қызметтегі кәсіби этика, ЖОО-да кәсіби пәндерді оқытудың әдістемесі, Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) Ғылыми жұмыстың мақсатын, міндеттерін, мәнін және нысанын анықтай алады; зерттеу нәтижелерін жоғары рейтингті журналдарда жариялау үшін қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде ғылыми зерттеу сипаттамасын дайындайды;

В) Зерттеу тақырыбы бойынша әдебиетте бағдар жасап, ғылыми жұмысқа қажетті библиографиялық ресурстарды, оның ішінде электронды мәліметтер базалары мен іздеу жүйелерін тиімді пайдаланады;

С) Өз зерттеулерінің тұжырымдарын дәлелдеп, оларды нақты фактілермен және мысалдармен бекітеді;

Д) Ғылыми таным шеңберін кеңейте отырып, өзінің білімі мен идеяларын ғылыми қауымдастыққа хабарлайды, ғылыми шараларға, жобаларға қатысады, халықаралық ғылыми конференциялар мен семинарларда топ алдында сөйлеу дағдысы қалыптасып, ғылыми ақпарат беруге дағдыланады.

Е) Ғылыми сипаттағы жұмыстарды рецензиялайды, ғылыми зерттеу нәтижесін дұрыс ресімдейді, академиялық жазу мәдениетін қалыптастыруға бағытталған білім беру моделін меңгереді.

Дублин дескрипторлары А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Ғылыми зерттеу әдістері

Бағдарлама авторы: Туребаева К.Ж., п.ғ.д., профессор

Курсты оқытудың мақсаты: Докторанттарды ғылыми-зерттеу жұмысының үдерісімен, оның құрылымы мен қолданылатын әдістерімен таныстыру, педагогика саласында ғылыми зерттеу жұмысын ұйымдастыруға дайындау, оларда педагогикалық-психологиялық зерттеудің жалпы ғылыми әдіснамасы туралы ұғым қалыптастыру болып табылады.

Пәннің қысқаша мазмұны: Кез-келген ғылыми зерттеу нақты ережелер бойынша белгілі бір әдістермен жүзеге асырылады. Пән докторанттарды оқытуды жаңғыру және ақпараттандыру жағдайында жасанды интеллектіні білім беру жүйесіне енгізу мүмкіндіктерін негізге алып, ғылыми зерттеудің әдістері туралы жан-жақты мәлімет береді. Пәннің мақсаты - докторанттарды ғылыми зерттеудің әдістерімен таныстыру, жасанды интеллектінің ғылыми-педагогикалық зерттеулер жүргізудегі әлеуетін пайдалана отырып, түрлі ақпарат көздерімен жұмыс жасау біліктілігін қалыптастыру.

Пререквизиттер: Жоғары мектеп педагогикасы, Ғылым тарихы мен философиясы, Ғылыми зерттеу жұмысын ұйымдастыру және жоспарлау.

Постреквизиттер: Академиялық хат, Ғылыми-педагогикалық қызметтегі кәсіби этика, Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) Докторанттар ғылыми-зерттеу жұмыстарының мәнін түсінеді;

В) Зерттеу нәтижелерін жоспарлау, үйлестіру, жүзеге асыру және жобалау дағдылары қалыптасады; ғылыми теориялар мен идеяларды сыни талдауға, бағалауға және салыстыруға дағдыланады, академиялық тұтастықты сипаттайтын ғылыми зерттеулер жүргізеді; жасанды интеллектінің ғылыми-педагогикалық зерттеулер жүргізудегі әлеуетін пайдаланады.

С) Арнаулы салаларда теориялық және қолданбалы ғылыми зерттеулерді ұйымдастырады, зерттеу әдістерін кешенді пайдаланып, педагогикалық тәжірибелер жүргізеді, оқытуды модернизациялау және ақпараттандыру жағдайында жасанды интеллектіні білім беру жүйесіне енгізу мүмкіндіктерін негізге алып, ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызметті жүзеге асырады.

Д) Ғылыми-зерттеудің перспективтік бағыттары, проблемалары туралы түсініктерін кеңейтеді;

Е) Педагогикалық үдеріс барысында практикалық міндеттерді шешуде ғылыми зерттеу әдістерін меңгеру құзырлықтарын дамытады.

Дублин дескрипторлары А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Педагогика философиясы және әдіснамасы

Бағдарлама авторы: Бахтиярова Г.Р., п.ғ.к., профессор

Курсты оқытудың мақсаты: Болашақ мамандардың кәсіби маңызды сапаларын жетілдіріп, докторанттарды ғылыми және зерттеушілік қызметтегі жоғары академиялық, әдіснамалық мәдениеттің білім, білік және дағдыларымен қаруландыру және кәсіби-ғылыми бағыттағы білімдерін кеңейтіп, тереңдету, жүйелі педагогика ғылымының философиясы мен әдіснамасы туралы ғылыми білім, білік, дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

Пәннің қысқаша мазмұны: «Педагогика философиясы және әдіснамасы» пәні докторанттарды ғылыми және практикалық зерттеу қызметінде педагогика философиясы мен әдіснамалық білімдер негіздерімен қаруландырады. Докторанттар ғылым философиясы және әдіснамасын, педагогика әдіснамасын, педагогикалық зерттеудің әдіснамасы мен әдістемесінің ұғымдық-категориялық аппаратын, педагогикалық зерттеу мен жобалаудың құралдарын қолданып, педагогикалық зерттеу үдерістерінің мәні, мазмұны және құрылымы жайлы білімдер жүйесін жүзеге асырады.

Пререквизиттер: Ғылым тарихы мен философиясы, Жоғары мектеп педагогикасы, Ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру және жоспарлау.

Постреквизиттер: Ғылыми-педагогикалық қызметтегі кәсіби этика, ЖОО-да кәсіби пәндерді оқытудың әдістемесі, Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) Докторанттар ғылыми және зерттеушілік қызметтегі әдіснамалық мәдениет туралы білім, біліктерді меңгереді;

В) Педагогикалық зерттеу жұмыстарындағы теориялық, эмпирикалық, математикалық және статистикалық әдістерді қолдану білігі мен дағдысын меңгеріп, зерттеулердің нәтижелерін талдай біледі;

С) ҚР қазіргі заманауи білім беру мен тәрбие тұжырымдамаларын және бастауыш мектеп пен жоғары мектептің педагогикалық жүйесін, оны жетілдіру бағытындағы ғылыми-әдіснамалық біліктерді терең меңгеріп, талдап, тұжырымдайды;

Д) Қазақстан Республикасы дамуының басты бағыттарына сай ғылыми-педагогикалық қызметтің стратегиясын анықтайды, ақпараттық ағынның өсуі мен тез жаңғыруы жағдайында ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызметті академиялық адалдық қағидасы негізінде жүзеге асырады.

Е) Жаңа педагогикалық мектептер, олардың теориялық және практикалық нұсқаулықтары, сәйкес сала бойынша әлемдік және қазақстандық ғылымдағы ғылыми концепциялар туралы біледі, қазіргі заманғы білім беру саласындағы әлемдік және отандық ғылым дамуының негізгі тенденцияларын, бағыттарын біледі, бастауыш білім беру саласындағы заңнамаларды меңгереді.

Модуль 1.2 Білім мен ғылымдағы академиялық адалдық және ғылыми зерттеу әдістері

Дублин дескрипторлары А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Бүгінгі білім мен ғылымдағы академиялық адалдық қағидасы

Бағдарлама авторы: Жазыкова М.К., п.ғ.к., доцент

Курсты оқытудың мақсаты: Курстың мақсаты – докторанттарда академиялық адалдықтың қағидаларын терең түсіну, оның қазіргі ғылым мен білімдегі маңызын ұғыну және зерттеу мен оқыту қызметінде этикалық стандарттарды сақтауға қажетті дағдыларды қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Адалдық — адам мінезіндегі бағалы қасиет, тарихи шындықпен ұштасып жататын іс-әрекеттер. Академиялық адалдық – шынайылық, сенімділік, құрмет, әділеттілік, жауапкершілік қағидаларын жүзеге асыру. Әрбір оқу орны педагогикалық мораль мен этикалық норма тұрғысынан негізделген шешімдерді орындауға мүмкіндік беретін өзіндік академиялық адалдық қағидаларын айындайды. Пәннің мақсаты - докторанттарды аталмыш мәселе бойынша ғылыми-теориялық ізденістердегі негізгі мәселелермен таныстыру.

Пререквизиттер: Ғылым тарихы мен философиясы, Ғылыми зерттеу жұмысын ұйымдастыру және жоспарлау, Педагогтың іс-қағаздарды дайындау және жүргізу әдістемесі.

Постреквизиттер: Ғылыми-педагогикалық қызметтегі кәсіби этика, ЖОО-да кәсіби пәндерді оқытудың әдістемесі, Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) Докторанттар ғылым мен білім берудегі академиялық адалдықтың қағидаларын түсінеді және академиялық этиканы бұзудың салдары мен оның ғылыми қауымдастық пен қоғамға әсерін ұғынады;

В) Академиялық адалдық тұрғысынан ғылыми және білім беру материалдарын бағалауды, мүмкін бұзушылықтарды анықтауды және олардың алдын алуды үйренеді;

С) Академиялық бұзушылықтардың алдын алу әдістерін, соның ішінде дұрыс дәйексөз келтіру, сілтеме жасау және авторлық құқықтарды сақтау нормаларын меңгереді;

Д) Бастауыш білім мен дидактика салаларындағы білімдерді интеграциялау негізінде қазіргі заманғы ақпараттық және инновациялық технологияларды қолданып, ЖОО-нда сабақ жүргізеді; жоғары мектеп дидактикасының қағидаларына сай оқытудың заманауи әдістері мен формаларын, студент жастарды оқытудың қазіргі заманғы теориясы мен практикасын меңгереді.

Е) Қазақстан Республикасы дамуының басты бағыттарына сай ғылыми-педагогикалық қызметтің стратегиясын анықтайды, ақпараттық ағынның өсуі мен тез жаңғыруы жағдайында ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызметті академиялық адалдық қағидасы негізінде жүзеге асырады.

Модуль 2.1 Кәсіби этика және педагогикалық практика

Дублин дескрипторлары А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Ғылыми-педагогикалық қызметтегі кәсіби этика

Бағдарлама авторы: Жазыкова М.К., п.ғ.к., доцент

Курсты оқытудың мақсаты: Курстың мақсаты – докторанттарда ғылыми-педагогикалық қызметтің кәсіби этикасының негіздерін түсінуді дамыту, ғылыми және оқытушылық жұмысты жауапкершілікпен жүргізуге қажетті этикалық дағдыларды қалыптастыру және академиялық қауымдастықта сенім мен құрметті нығайтатын құндылықтарды қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Курстың мақсаты – студенттердің бойында мұғалімдердің кәсіби моральының ерекшеліктері туралы тұтас, жүйелі түсінік қалыптастыру, кәсіби педагогикалық қызметті ұйымдастыруға этикалық және аксиологиялық көзқарастың мәнін ашу. Педагогикалық қызметтегі кәсіби-маңызды моральдық құндылықтардың орны мен рөлін зерттеу мен педагогтердің кәсіби моральының құрылымын анықтау курстың міндеттері болып табылады. Коммуникациялық мәдениетті және конфликтологиялық құзыреттілікті дамыту мен кәсіби қызметте әлеуметтік-коммуникативтік функцияларды іске асыруға дайындық әлеуметтік-әріптестік қарым-қатынастарды дамытуды меңгертеді.

Пререквизиттер: Педагогика философиясы және әдіснамасы, Академиялық хат.

Постреквизиттер: Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы, Педагогикалық практика, Зерттеу практикасы.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) Докторанттар кәсіби этиканың негізгі қағидаларын және оның ғылыми-педагогикалық қызметтегі маңызын түсінеді;

- В) Академиялық және ғылыми салаларда қолданылатын кәсіби этика кодекстерінің талаптарын біледі және оларды сақтайды;
- С) Ғылыми-педагогикалық тәжірибеде туындайтын этикалық дилеммаларды талдау және шешу дағдыларын меңгереді;
- Д) Бастауыш білім мен дидактика салаларындағы білімдерді интеграциялау негізінде қазіргі заманғы ақпараттық және инновациялық технологияларды қолданып, ЖОО-нда сабақ жүргізеді; жоғары мектеп дидактикасының қағидаларына сай оқытудың заманауи әдістері мен формаларын, студент жастарды оқытудың қазіргі заманғы теориясы мен практикасын меңгереді.
- Е) Студенттердің, магистранттардың, докторанттардың ғылыми зерттеулеріне жетекшілік етеді, ғылыми жобалар мен зерттеулерге сараптама жасайды.

Дублин дескрипторлары А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: ЖОО-да кәсіби пәндерді оқытудың әдістемесі

Бағдарлама авторы: Рысбаева А.Қ., PhD, аға оқытушы

Курсты оқытудың мақсаты: Курс докторантты педагогикалық іс-әрекетке теориялық және практикалық тұрғыдан дайындауға бағытталған. Курстың міндеттері: педагогикалық ойлауды қалыптастыру және дамыту, оқу материалдарын таңдау және талдау дағдыларын дамыту, әдістемелік сипаттағы мәселелерді қалыптастыру және шешу қабілетін дамыту. Әр түрлі белсенді оқыту әдістерінің ерекшеліктерін ашу және оларды оқытуда – дәрістерде, практикалық және зертханалық сабақтарда, сондай-ақ студенттердің ғылыми әдебиеттерді өз бетінше оқуын ұйымдастыру процесінде пайдалану мүмкіндіктерін талдау.

Пәннің қысқаша мазмұны: «ЖОО-нда кәсіби пәндерді оқытудың әдістемесі» курсы жоғары оқу орындарында кәсіби пәндерді оқытудың теориялық және практикалық негіздерін меңгертеді, МЖБС талаптарына сәйкес олардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастырады. Жоғары мектеп жағдайында кәсіби пәндерді оқытудың әдістемесін меңгерте отырып, докторанттарды кәсіби құзыретті тұлға ретінде қалыптастыру мен дамытудың маңызы зор. Курс докторанттың кәсіби дамуына жауапкершілігін арттырып, болашағын анықтауға көмектеседі.

Пререквизиттер: Жоғары мектеп педагогикасы, ЖОО жеке пәндерді оқытудың теориясы мен әдістемесі, Қоғамдық-гуманитарлық циклі пәндерін оқытудағы кәсіби құзыреттілік, Жаратылыстану-математикалық циклі пәндерін оқытудағы кәсіби құзыреттілік.

Постреквизиттер: Педагогикалық практика.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- А) Бастауыш білім мен дидактика салаларындағы білімдерді интеграциялау негізінде қазіргі заманғы ақпараттық және инновациялық технологияларды қолданып, ЖОО-нда сабақ жүргізеді; жоғары мектеп дидактикасының қағидаларына сай оқытудың заманауи әдістері мен формаларын, студент жастарды оқытудың қазіргі заманғы теориясы мен практикасын меңгереді;
- В) Білім бағдарламасының мақсатына сәйкес жаңа курстарды оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асырады, ғылыми-зерттеу нәтижелерін оқу пәнінің мазмұнында жобалайды;
- С) Диагностикалық (басымды тәрбиелік мотивтерді түсінеді, студенттердің ағымдағы қажеттіліктері, танымдық қабілеттері, басым тұлғалық қасиеттері, оқушылардың психикалық қасиеттері мен танымдық ерекшеліктерін зерттеу схемаларын пайдаланады; оқу іс-әрекетінің процесі мен нәтижесін тіркейді);
- Д) Ұйымдастырушылық (аудиториямен байланыс орнатады және сақтайды, сабақтағы өзгеретін жағдайға сәйкес баяндау стилі мен қарқынын өзгертеді, оқушыларға тікелей және жанама әсер ету әдістерін қолданады; сабақ барысында барлық жоспарланған элементтерді орындайды);
- Е) Рефлексиялық (оқу-тәрбие үрдісіндегі мұғалімнің рөлін түсінеді, кәсіби іс-әрекет процесі мен нәтижесін талдайды, өзінің жеке оқыту стилінің күшті және әлсіз жақтарын түсінеді, кәсіби және тұлғалық дамуға қатысты қорытынды жасайды).

Модуль 2.2 Заманауи қоғамдағы тәрбие және ДҒЗЖ

Дублин дескрипторлары А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Заманауи қоғамдағы тәрбие және рухани құндылықтар

Бағдарлама авторы: Бахтиярова Г.Р., п.ғ.к., профессор

Курсты оқытудың мақсаты: Курстың мақсаты – докторанттардың қазіргі қоғамдағы тәрбие және рухани құндылықтардың рөлін терең түсінуін қалыптастыру. Курс рухани-адамгершілік тәрбиенің қағидаларын зерттеуге, дәстүрлі және заманауи құндылықтардың маңыздылығын, олардың жеке тұлға мен қоғамдық қатынастарды қалыптастырудағы рөлін айқындауға, жаһандану мен технологиялық прогресс жағдайында тәрбие үдерістерінің алдында тұрған сын-қатерлерді талдауға бағытталған.

Пәннің қысқаша мазмұны: Қазіргі таңда дәстүрлі рухани құндылықтарды сақтау және жаңғырту қажеттілігі педагогикалық теория мен практика міндеттерінің басым бағыты және ұлттың рухани егемендігінің басты факторы ретінде өзекті мәселе болып отыр. Рухани негіз адамға өз өміріндегі және қоғам өміріндегі оқиғаларды дұрыс түсінуге, дұрыс шешім қабылдауға және әртүрлі жағдайларда әрекет етуге, мінез-құлқын өз халқының адамгершілік құндылықтары мен тәжірибесіне сәйкес жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Осы ретте жеке тұлғаның мінез-құлқын реттейтін ең маңызды фактор тәрбие екенін атап айту керек. Докторанттарға ұсынылып отырған «Заманауи қоғамдағы тәрбие және рухани құндылықтар» пәнінің мақсаты - өз халқының және адамзаттың рухани құндылықтарын бойына сіңірген, адамгершілігі жоғары, жауапкершілікті сезіне білетін, шығармашыл, белсенді, құзыретті маман-педагогты қалыптастыру және дамыту үшін жағдай жасауға жүйелі көзқарасты қамтамасыз ету.

Пререквизиттер: Педагогика философиясы және әдіснамасы, Академиялық хат, Бүгінгі білім мен ғылымдағы академиялық адалдық қағидасы.

Постреквизиттер: Педагогикалық практика.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) Қазақстан Республикасы дамуының басты бағыттарына сай ғылыми-педагогикалық қызметтің стратегиясын анықтайды, ақпараттық ағынның өсуі мен тез жаңғыруы жағдайында ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызметті академиялық адалдық қағидасы негізінде жүзеге асырады;

В) Өзінің кәсіби дамуын жетілдіреді, заманауи қоғамда жастарға тәрбие беру мен олардың бойында рухани құндылықтар қалыптастыру бағытында жаңа білімдерді игереді, рухани құндылықтардың маңызын жобалау жұмыстарын ұйымдастырады;

С) Жас буынның құндылықтарын қалыптастыруға заманауи технологиялар мен медиа құралдарының ықпалын бағалайды және оларды тәрбие мақсатында тиімді пайдалану тәсілдерін әзірлейді;

Д) Қоғамның рухани және моральдық денсаулығын қолдау үшін тәрбие концепциялары мен әдістемелерін сыни тұрғыда талдап, қолданады;

Е) Қоғамда рухани құндылықтар мен моральдық бағдарларды нығайтуға бағытталған тәрбие бағдарламаларын құру дағдыларын дамытады.

Білім беру бағдарламасы және шифры: 8D01301 – Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі

Оқу мерзімі: 3 жыл

Қабылдау жылы: 2024

Компоне нт (ЖК/ТК)	Пән коды	Пән атауы	Семестр	Креди т саны
Модуль 3 Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы, 120 академиялық кредит				
	DGSZh	Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы	3	30
		Зерттеу практикасы	4	10
КП 3П	DGSZh	Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы	4	20

Білім беру бағдарламасы және шифры: 8D01301 – Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі

Оқу мерзімі: 3 жыл

Қабылдау жылы: 2023

Компоне нт (ЖК/ТК)	Пән коды	Пән атауы	Семестр	Креди т саны
Модуль 3 Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы, 108 академиялық кредит				
	DGSZh	Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы	5	30
	DGSZh	Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы	6	18
ҚА		Қорытынды аттестация	6	12